

№3 қосымша  
«КЕЛІСІЛДІ»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ  
директоры Б.Кушмурзин



**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы  
2022 жылғы 2-тоқсаны бойынша  
Аналитикалық анықтама**

Қостанай қ.

2022 ж. 30.06

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ директоры Б.Кушмурзиннің 2022 жылдың 17 маусымындағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» № 310 бұйрығы негізінде жұмыс тобы құрамында бар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Міркемел А.М., «Ақиқат» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Базарбаева Б.Е., аға тәлімгер Ахметжан А.Т. 2022 жылдың 17-30 маусымы аралығында 2022 жылғы 2-тоқсаны бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді (01 сәуір 2022 жылдан – 30 маусым 2022 жылға дейін). Ішкі талдау ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8 бабы 5 тармағына, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Торағасының 2021 жылғы 7 сәуірінде бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің әдістемелік нұсқаулығына сәйкес жүргізілді.

**1) «Персоналды басқару»**

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау С.Мәуленов атындағы гимназияда персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті. ҚР Еңбек

кодексіне, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, педагогикалық әдеп қағидаларына, сондай-ақ өзге де заңдарға, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ әкімшілік штат 9 адамды құрайды. Олар: гимназия директоры – 1 адам, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1 адам (1 ставка), директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары – 1 адам (1 ставка), директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1 адам (1 ставка), директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары – 1 адам (1 ставка), жантанушы – 1 адам (1 ставка), әлеуметтік педагог – 1 адам (1 ставка), директордың шаруашылық меңгерушісі – 1 адам (1 ставка), гимназияның бас бухгалтері – 1 адам (1 ставка). Әкімшілік лауазымдық міндеттері гимназия директоры Б.Кушмурзинмен бекітілген. «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ мұғалімдерінің жалпы штат саны 43 педагог қызметкерді құрайды. Кіші қызмет көрсетуші персонал саны – 23.

С.Мәуленов атындағы гимназияның педагогикалық ұжымының сапалық құрамы- 43 педагог қызметкер (100 %) – жоғары білімді.

Сапалық құрамын талдай келе, жоғары санатты 5 педагог қызметкер, бірінші санатты 3 педагог қызметкер, екінші санатты 1 педагог қызметкер, санатсыз 8 педагог, «Педагог-шебер» санатында – 1, «педагог-зерттеуші» санатында - 20, «педагог-сарапшы» санатында - 1, «педагог модератор» санатында - 4 педагог қызметкер жұмыс жасайды. Педагог қызметкерлер әрбір 5 жылда біліктіліктерін арттырып отырады.

С.Мәуленов гимназиясында кадрларды іріктеу және орналастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, гимназия Жарғысы, сондай-ақ ұжымдық шарты басшылыққа алынады. Мұғалімнің білім деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Педагог қызметкерлерді және өзге де қызметкерлерді іріктеу және лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының бекітілген үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 17 тамызда №5750 «Қызметтің барлық салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының бекітілген біліктілік сипаттамаларына» сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №775 бұйрығына, Қазақстан

Республикасының Әділет министрінің 2016 жылғы 3 қазандағы №14281 негізделеді.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау конкурстық іріктеу негізде жүзеге асырылады. Лауазымдық мүдделер қақтығысының болмауына баса назар аударылады.

Сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелдерін талдау барысында С.Мәуленов атындағы гимназияда конкурстық іріктеу жүргізілмей, лауазымды жоғарылату фактісі анықталмады.

2016 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» №498 бұйрығымен бекітілген бекітілген мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларының 5-тармағын орындауға байланысты бос орын болған жағдайда кандидаттарды іріктеу шарттары бірдей болады, үміткерлердің мүмкіндіктері тепе-тең келеді.

Бос орындар пайда болған жағдайда ақпарат «Электрондық еңбек биржасында» уақытында орналастырылып, еңбек жағдайлары мен төлемақысы, орналастыру мерзімі туралы толық ақпарат беріледі. Олар пайда болған күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде бір аптадан бір айға дейін «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталына уақытылы жіберіледі.

Қазіргі таңда С.Мәуленов атындағы гимназияда 4 бос орын бар: еден жуушы – 2, инженер – 1,5 ставка, аула сыпырушы – 1,5 ставка, ақпараттық коммуникация технологиялары бойынша директордың орынбасары – 0,5 ставка. Бос орын туралы ақпарат «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталында жарияланған.

Басқа лауазымға ауысу екі жағдайда орын алады, біріншісі – қызметкердің жеке өтініші, екіншісі – директордың орынбасарларының босатылған жұмыс орындарына сәйкес ауысу ұсыныстары. Гимназия қызметкерлеріне жалақысы туралы түбіртек ай сайын беріледі. Қызметкерлер жалақысы уақытылы төленеді.

Тәртіптік жазалар мерзімінде орындалған, тұлғалардың құқықтарын бұзу фактісі анықталмады.

**Есептік кезеңде (сәуір-маусым):**

**Жұмыстан өз еркімен босатылды:**

сәуір - 2 кіші қызмет көрсетуші персонал

**Жұмысқа қабылданды:** 5 кіші қызмет көрсетуші персонал: сәуір айында – 1 кіші қызмет көрсетуші персонал, мамыр айында 4 кіші қызмет көрсетуші персонал.

Жұмысқа қабылдау барысында сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

### **Мүдделер қақтығысы**

С.Мәуленов атындағы гимназияда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжат (саясат) бар. Мекеме қызметінде жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында даулы мүдделер жоқ. Мүдделер қақтығысының мониторингісі жасалып отырады. Талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезіндегі мүдделер қақтығысының фактісі анықталмады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімі» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында гимназия директоры Кушмурзин Бекежанның жұбайы Кушмурзина Айсұлу ағылшын тілі пәні мұғалімі екені, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Досымова Замзагульдің әпкесі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Токаева Назгуль, ағылшын тілі пәні мұғалімі Жанайдарова Айжарқынның сіндісі география пәні мұғалімі Жанайдарова Аида екені анықталды. Директордың шаруашылық ісі менгерушісі Бақтыгереева Галинаның жұбайы жүргізуші Мусабеков Серик екені анықталды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410 Заңының 14 бабының бұзылуы - тікелей бағыныштылықтың болмауына байланысты сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

### **2) Мемлекеттік қызмет көрсету**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ-де 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

4. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

5. «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

6. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Осы аралықта 28 оқушы «Сакура» электрондық порталы арқылы қабылданды.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі 22 тұлғаға көрсетілді.

«Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі сәуір айында 2 оқушыға көрсетілді:

5 «Б» сынып оқушысы Сақабедін Нұрдәулет, Аханова Нұрай

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі сәйкес сәуір айында 11 оқушы тегін тамақпен қамтылды. 01.04.2022 – 29.04.2022 ж. аралығында 76760 тг. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға – Ахметжан А.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі сәйкес мамыр айында 11 оқушы тегін тамақпен қамтылды. 03.05.2022 – 24.05.2022 ж. аралығында 57760 тг. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға – Ахметжан А.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі сәйкес сәуір айында 11 оқушы тегін тамақпен қамтылды. 01.04.2022 – 29.04.2022 ж.

аралығында 76760 тг. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға – Ахметжан А.

«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсетілмеді.

Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Балтабаева Г.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (расталу) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары С.Бейсенова жауапты.

Есептік кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар семинарларға қатысып отырды.

Есептік кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құқықбұзушылық пен шағым анықталмады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі мектеп басшысының тұрақты бақылауында.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

### **3) «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»**

С.Мәуленов атындағы гимназия рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

### **4) «Бақылау функцияларын іске асыру»**

С.Мәуленов атындағы гимназия бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

### **5) Гимназияның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігі, оның ішінде іс-шараларды іске асыруға қатысуымен қамтамасыз етіледі. Тәрбие бағытындағы іс-шаралар жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. 4-тоқсанның ата-аналар жиналысында 7-8-сыныптарда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында баяндама оқылды. Сәуір айында 8-сынып оқушылар «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәлім сағаты өткізілді. 5-сыныптар «Адал еңбек кейіпкері» тақырыбында сурет салып, ой болісті. Мерекелер қарсаңында ата-аналар мен оқушыларға ҚР сыбайлас жемқорлық Заңнамасына сәйкес мектеп қажеттілігіне ақша жинауға тыйым салынғаны ескертіледі. Ата-аналар жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтауға, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне

төзбеушілік жағдайын жасауға бағытталған түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Кәсіподақ комитетінің әлеуметтік-еңбек даулары жөніндегі комиссиясына мүдделер қактығысын реттеу туралы шағымдар түскен жоқ. Гимназияда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс істейді. 2022 жылғы 2-тоқсан бойынша ешқандай шағым түспеді. Этика талабын бұзу фактісі анықталмады.

*Қаржы-шаруашылық қызмет: бюджет қаражатын тиімді пайдалану, жұмыскерлерге төлемдер, мемлекеттік сатып алу, ақылы қызметтерді іске асыру және т.б.*

Мекемеде бюджеттік және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстар уақытында әрі тиімді атқарылады.

ЖК «Элит Строймен» 12.04.2022 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарына байланысты 5990000 тг. Мемлекеттік сатып алу орын алды. Аз камтылған отбасыларға байланысты спорттық киім алынды, 12.05.2022 жылы 165000 тг. келісім шарт жасалынды. 28.04.2022 жылы 181500 тг куртка алынды, 153 494 тг. канц.тауарлар алынып, мемлекеттік сатып алу орын алды.

17.05.2022 жылы ЖШС «Элит Строймен» 5990 000 тг. ағымдағы жөндеу жұмыстарына байланысты келісім шарт жасалынды. «Ван» ЖК-мен қауіпсіздік шлюзіне байланысты 1000 000 тг. мемлекеттік сатып алу орын алды. «ЭнергоЦентр» жарыққа 1 818 908 тг. келісім шарт жасалынды. Жылу жүйесінің жөндеу жұмысына байланысты 20.05.2022 жылы «Теплокомплект 2006» ЖШС-мен 615 510 тг. келісім шарт жасалып, мемлекеттік сатып алу орын алды.

Талдау барысында ақпараттық саясатқа байланысты сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

*Сыбайлайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсынымдарды шығарды:*

1. Гимназия әкімшілігі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында баспа басылымдарында жариялай отырып немесе гимназияның ресми интернет-ресурсында орналастыра отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.
2. Гимназияның ресми сайтының (<http://gimnaziya-smaulenov.kz/>) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» атты бөлімшесі мектеп ішінде өткізілген іс-шаралармен толықтырылып, жаңартылсын;
4. Гимназияда мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету барысында Заңнаманы сақтасын;
5. Гимназияның ресми сайтының «Оқушы үшін ақпарат», «Ата-ана үшін ақпарат» бөлімдері үнемі оқу-тәрбие процесінің сұранысы мен

жаңашылдығына байланысты толықтырылып отырсын;

Жұмыс тобының төрайымы  Міркемел А.М.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілген:

Базарбаева Б. 

Ахметжан А. 